

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

көмектеседі. Дегенмен, мемлекеттік бағдарламалардың аудиті де күрделі болуы мүмкін және аудиторларға тиісті деректер мен құжаттарға қол жеткізу қиын болуы мүмкін. Осы қиындықтарға қарамастан, мемлекеттік бағдарламаларға аудит жүргізудің пайдасы шығындардан асып түседі және барлық деңгейдегі үкіметтер бағдарлама тиімділігін арттыру құралы ретінде аудитке басымдық беруді жалғастыруы керек. Мемлекеттік бағдарламаларға аудит жүргізе отырып, үкімет мемлекеттік қызметтердің тиімді және нәтижелі көрсетілуін, азаматтардың өмірін жақсартуды қамтамасыз ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының 20.11.1998 ж № 304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304> (қолдану күні: 20.03.2023)
- 2.Тиімділік аудиті [Электрондық ресурс] URL: <https://kz.nesrakonk.ru/performanceaudit/>
- 3.Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру [Электрондық ресурс] URL: https://egov.kz/cms/kk/articles/job_search/zanyatost_2020
- 4.«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы: нәтижелер, мемлекеттік гранттар, микрокредиттер [Электрондық ресурс] URL: <https://strategy2050.kz/news/2017-2021-zhyldar-a-arnal-an-e-bek-memlekettik-ba-darlamasy-n-tizheler-memlekettik-grantt-ar-mikrokre/>

“ЕМБІМҰНАЙГАЗ” АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АКТИВТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУ КӨЗДЕРІНІҢ АУДИТ

Ахжан Айдана

“Есеп және аудит” мамандығының 4 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: aaikon45@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: Бекболсынова А.С. "Мемлекеттік аудит" кафедрасының аға оқытушысы

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасында 2012 жылғы 27 ақпанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен құрылды.

Компания көмірсутекті шикізатты барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, қайта өңдеумен және экспортымен айналысады. Компанияның мұнай-газ қызметі Батыс Қазақстанның Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады. Компания мұнай кен-орындарын әзірлеуді жер қойнауын пайдалану жөніндегі келесі келісімшарттар бойынша жүзеге асырады.

2019 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның көмірсутектер ресурстық базасының өсімі қолданыстағы кен орындарын толық барлаудың есебінен айтарлықтай арттыру арқылы қамтамасыз етілді. Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Досмухамбетовское, Ботахан қолданыстағы кен орындары және Батыс Қарасор қайта ашылған кен орны бойынша 14,8 млн тонна көлемінде мұнай өндірілді.[1]

Біздің талдайтын тақырыбымыз – баланс активтерінің құрылу көзін, яғни пассивтерді талдау. Кәсіпорынға мүліктердің келіп түсуі сатып алуы меншікті және тартылған

капиталдардың есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатынасы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын анықтайды.

Тартылған қаражаттар меншікті қаржылық ресурстар жетіспегенде ғана тартылуы қажет. Бұл жерде сыртқы тартылу көздерінен қаржылық тәуелсіздік сақталу керек. Активтердің пайда болу көздерін талдау үрдісінде меншікті және тартылған капиталдың нақты көлемі белгіленеді, есепті кезеңде олардың өзгерісіне әкелген себептер анықталады. Ең бастысы меншікті капиталға көп көңіл бөлінеді себебі меншікті қаражаттар көзінің қоры бұл – қаржылық тұрақтылық қоры.

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе залал, несиелер мен қарыздар, кредиторлық берешек ретінде Компанияның қарауына қарай жіктелген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді.

1-кестедегі мәліметтерге сай, 2021 жылы активтердің қалыптасу көздері 21 695 млн теңгеге немесе 6,12% ға өскені көрінеді. Бұл өсу 2021 жылы 42 297 млн теңге болған, яғни 11 723 млн теңгеге немесе 2020 салыстырғанда 38,34% - ға өскен оның себебі қарыздық капиталдың өсуінен болған. Ұзақ мерзімді міндеттемелер 2021 жылы 2020 жылға қарағанда 958 млн теңгеге немесе 38,34% - ға төмендеген. Ал 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 7440 млн теңгеге өскенін байқап отырмыз.

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының ағымдағы міндеттемелері 2019 жылы 67679 млн теңгені құраған, ал 2020 жылы 30 574 млн теңгеге төмендеп, 2021 жылы 42 297 млн теңгеге артып, өсім 38,34% - ды құрады (2 кесте).

Тарихи міндеттемелер 2021 жылы 2020 жылға қарағанда 16 млн теңгеге немесе 2,59% - ға артты. Тарихи міндеттемелер АҚШ долларында білдірілген және компания белгілі бір лицензияларды сатып алғанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі шеккен тарихи шығындарды өтеу міндеттемелерін білдіреді. Оның өсуі негізінен дисконттау мөлшерлемесі әсерінен өсіп тұр.

Резервтер 2021 жылы 2020 жылға қарағанда 4,06 % - ға немесе 395 млн теңгеге төмендеген. Оның ағымдағы міндеттемелердегі үлесі де 9,76% – ға азайған.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек өткен жылға қарағанда 2021 жылы 1 411 млн теңгеге немесе 8,29% - ға өскен. Компанияның шикі мұнайды экспортқа сату жөніндегі агенті болып ҚМГ ҰҚ болып табылады. Шикі мұнайды сатқаны үшін агенттік сыйақы 100,050 мың теңге болды. Каспий Мұнай Консорциумы көрсеткен тасымалдау қызметтерін «Ембімұнайгаз» АҚ 48 млн теңге мөлшерінде өтеуі тиіс. Сәйкесінше сауда және басқа да кредиторлық берешек осылардың есебінен өсіп тұр.

Компанияның пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық 2019 жылы 26 053 млн теңге, 2020 жылы 3 185 млн теңгені құраса, 2021 жылы 13 876 млн теңгеге артып, 33 есеге артқан.

Кесте 1. "Ембімұнайгаз" АҚ активтерінің қалыптастыру көздерінің құрамы мен құрылымын талдау

№	Көрсеткіштер	2019		2020		2021		Жылдағы өзгерістер	
		млн теңге	үлесі %	млн теңге	үлесі %	млн теңге	үлесі %	2020/ 2019	2021/ 2020
1.	Жиынтық капитал, оның ішінде:	406696	100.00	354591	100.00	376286	100.00	-52105	21695
2.	Меншікті капитал	301188	74.06	278748	78.61	289678	76.98	-22440	10930
2.1	Жарғылық капитал	162399	39.93	162399	45.80	162399	43.16	0	0
2.2	Бөлінбеген пайда	138789	34.13	116349	32.81	127279	33.83	-22440	10930
3	Қарыздық капитал, оның ішінде	67679	16.64	30574	8.62	42297	11.24	-37105	11723
3.1	Тарихи міндеттемелер	887	0.22	637	0.18	653	0.17	-250	16
3.2	Резервтер	13788	3.39	9732	2.74	9337	2.48	-4056	-395
3.3	Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық	26053	6.41	3185	0.90	13876	3.69	-22868	10691
3.4	Сауда және басқа да кредиторлық берешек	26951	6.63	17020	4.80	18431	4.90	-9931	1411
4.	Ұзақ мерзімді міндеттемелер, оның ішінде:	37829	9.30	45269	12.77	44311	11.78	7440	-958
4.1	Тарихи міндеттемелер	6127	1.51	6918	1.95	7233	1.92	791	315
4.2	Резервтер	31702	7.80	37700	10.63	36451	9.69	5998	-1249
4.3	Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	0	0.00	651	0.18	627	0.17	651	-24

Ескертпе:Қаржылық есептіліктен алынған [2]

Кесте 2. "Ембімұнайгаз" АҚ ағымдағы міндеттемелерінің құрамы мен құрылымы

№	Көрсеткіштер	2019		2020		2021		Жылдағы өзгерістер	
		млн теңге	үлесі %	млн теңге	үлесі %	млн теңге	үлесі %	2020/ 2019	2021 /2020
1.	Ағымдағы міндеттемелер	67679	100.00	30574	100.00	42297	100.00	-37105	11723
1.1	Тарихи міндеттемелер	887	1.31	637	2.08	653	1.54	-250	16
1.2	Резервтер	13788	20.37	9732	31.83	9337	22.07	-4056	-395
1.3	Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық	26053	38.49	3185	10.42	13876	32.81	-22868	10691
1.4	Сауда және басқа да кредиторлық берешек	26951	39.82	17020	55.67	18431	43.58	-9931	1411


Ескертпе:Қаржылық есептіліктен алынған [3]

Қорытындылайтын болсақ, компанияның ағымдағы міндеттемелері пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық есебінен өсіп тұр. Оның ағымдағы міндеттемелердегі үлесі 2020 жылы 10,42 – ні құраса, жыл 2021 жылы 32,81 – ге тең болып, үлесі 22,39 – ға артқан. Оның күрт өсуіне 2021 жылы мұнай өндіру 2,6 тоннаға жетіп, тиісінше оған салынатын салықта өсіп отыр.

Компанияның ұзақ мерзімді міндеттемелері 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 960,181 мың теңгеге немесе 2,12 % - ға төмендеген (1 сурет). Ал 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 7 440 903 мың теңгеге артқан.

Қазақстан Республикасының Үкіметі шеккен тарихи шығындарды өтеу міндеттемелері 2019 жылы 6 127 850 мың теңге, 2020 жылы 6,918,873 мың теңге болса, 2021 жылы 7 233 млн теңгені құрап, 2020 жылдан 2021 жылға өсім 4,54 % - ға жетті. Тарихи міндеттемелер бойынша төлемдер 2033 жылға дейін жасалады. 2021 жылы компания тарихи міндеттемелер бойынша 679 млн теңге (2020 жылы: 626 млн теңге) мөлшерінде қаржылық шығыстарды мойындады.

Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер 2020 жылы 651 млн теңге болса, жыл соңында 24 млн теңгеге төмендеп (3,80%), 626 млн теңгені құрады.



Сурет 1. "Ембімұнайгаз" АҚ ұзақ мерзімді міндеттемелерінің құрамы мен құрылымы


Резервтер 2020 жыл 2021 жылмен салыстырғанда 1 250 мың теңгеге немесе 3,31 % - ға төмендеген. Ұзақ мерзімді активтердегі үлесі де 1,02 ге азайған.

Компанияның ұзақ мерзімді міндеттемелері негізінен резервтердің әсерінен төмендеп тұр. Компания 2021 жылы Компания негізінен 1 262 млн теңге мөлшерінде зейнетақы төлемдеріне және мұнаймен ластанған жерлерді тазарту үшін 3 705 млн теңге мөлшерінде АМЕС экологиялық бағдарламаға резервтерді пайдаланды.

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының капиталы 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 22 440 млн теңгеге азайған. Ал 2021 жылы 2020 жылға қарағанда 10 929 млн теңгеге немесе 3,92 % - ға артқан. Капиталға Компанияның барлық меншікті капиталы жатады. Капиталға байланысты компанияның негізгі мақсаты несиені тұрақты өтеп отыру қабілетін және Компанияның қызметін жүргізу мен стратегиялық мақсаттарға қолжеткізу үшін капиталдың жеткіліктілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Жарғылық капиталдың құрамы өзгеріссіз болғанымен, оның үлесі 2020 жылы 4,34% - ға 2021 жылы өткен жылға қарағанда 2,2 – ге артып, 56,06 % - ды құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның тұрақты қаржылық жағдайы мен консервативтік капитал құрылымы болды. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін мақсаттарға, саясатта және капиталды басқару процестеріне өзгерістер жасалған жоқ.

Бөлінбеген пайда 2020 жылы 116 349 млн теңгеге тең болса, 2021 жылы 127 279 млн теңгені құрап, 9,39 % - ға (10 929 млн теңге) өсу байқалды.



Сурет 2. "Ембімұнайгаз" АҚ меншікті капиталының құрамы мен құрылымы

Жалпы алғанда, компанияның капиталы бөлінбеген пайданың әсерінен өсіп тұр. Әлемдегі экономикалық, геосаяси шиеліністерге қарамастан «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы өткен жылдармен салыстырғанда пайданы 10 % көлемінде арттып тұр. кестедегі мәліметтерге сай, «Ембімұнайгаз» АҚ тәуелсіздік коэффициенті 0,79-дан 0,77-ге дейін немесе 0,02 тармаққа қысқарды. Алайда, бұл кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының нашарлауын көрсетпейді.

Мұны тәуелсіздіктің кері коэффициентінің көрсеткіші болып табылатын барлық жиынтық капиталдағы тартылған капиталдың үлесі растайды.(жыл басында 0,21, жыл соңында 0,23)

Біздің кәсіпорындағы ағымдық қарыз коэффициенті жыл басында 0,09 жыл соңында 0,1 – ті құрады. Қарыздық қаржыландыруды тарту нәтиже-сінде қалыптастырылған активтердің үлесін көрсетеді.

Қаржылық тұрақтылық немесе инвестицияларды жабу жабу коэффициенті жыл басында 0,91 – ді, жыл соңында 0,89 – ды құрап, 0,03 коэффициентке төмендеді. Яғни меншікті капиталдың және ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиынтық капиталдағы үлесі қалыпты деңгейде.

Оның мәні есепті кезеңнің басында кәсіпорынның активтерге салынған әрбір теңгеге өз қаражатын 11 тиынды қарыз қаражатын тартқанын, есепті кезең ішінде қарыз қаражаты өз салымдарының әрбір теңгесіне 15 тиынға дейін ұлғайғанын куәландырады. Демек, компания қаржылық тұрақтылықты жоғалтпады.

Қаржыландыру коэффициенті жыл басында 3,68 – ді жыл аяғында 4,34 – ті құрады. Бұл коэффициент жоғары болған сайын, банктер мен инвесторлар қаржыландыруға сенімді кіріседі. Бұл коэффициентті жақсы деп бағалауға болады. Яғни компания инвесторлар мен банктер үшін қаржыландыруға қолайлы деп бағалауға болады.

Кесте 3. "Емімұнайгаз" АҚ тұрақтылық коэффициенттері

№	Көрсеткіштер	2020	2021	Өзгерісі	
				" +/-	Өсімі
Капитал құрылымы көрсеткіштері					
1	К тәуелсіздік (К қаржылық автономия)	0.79	0.77	-0.02	-2.07
2	К тәуелділік	0.21	0.23	0.02	7.61
3	К ағымдық қарыз	0.09	0.11	0.03	30.37
4	К қаржылық тұрақтылық немесе инвестицияларды жабу	0.91	0.89	-0.03	-2.87
5	К қаржыландыру	3.68	4.34	0.67	18.22
6	К қарыздық пен меншікті қаражат қатынасы	0.27	0.30	0.03	9.88
7	К қарыз қаражатын ұзақ мерзімді тарту (капиталдандыру)	0.14	0.13	-0.01	-5.04
8	Меншікті айналым капиталы	37,349,638	48,587,392	11,237,754	30.09
9	К меншікті қаражатты маневрлеу	0.84	0.85	0.01	1.13
10	Тұрақты капиталды өз қаражатымен қамтамасыз ету коэффициенті	0.72	0.73	0.01	1.96
11	Қысқа мерзімді міндеттемелердегі кредиторлық берешектің үлесі	0.56	0.44	-0.12	-21.72
12	К тартылған капиталдың құрылымы	0.60	0.51	-0.09	-14.29
Активтерді қалыптастыруға арналған қаражатты бөлу коэффициенттері					
1	К ұзақ мерзімді салымдар құрылымы	0.19	0.18	0.00	-2.00
2	К материалдық қорлардың қамтамасыз етілуі	26.96	22.88	-4.08	-15.12
3	Тұрақты активтің индексі	0.87	0.83	-0.03	-3.90
4	К ағымдағы активтер мен жылжымайтын мүлік қатынасы	0.13	0.56	0.43	322.55
5	К қысқа мерзімді қарыз	0.40	0.49	0.09	21.15
6	К дебиторлық пен кредиторлық қарыз қатынасы	1.38	1.65	0.27	19.63
7	К инвестициялау	1.60	1.65	0.05	2.81
Ескертпе: Қаржылық есептіліктен алынған [4]					

3-

Ұйымның қарыздық пен меншікті қаражат қатынасы коэффициенті жыл басында 0,27 – ні, жыл соңында 0,30 ды құрады. Көрсеткіштің төмен болуы кәсіпорынның сыртқы инвесторлар мен кредиторларға тәуелділігінің төмендегенін айғақтайды.

Перманентті капиталдың ұзақ мерзімді көздерге тәуелділік дәрежесі жыл басында 0,14 – ті, жыл соңында 0,13 – ті құрады. Меншікті айналым капиталы жыл басында 34,349,638 мың теңге, жыл соңында 48,587,392 мың теңге болды. Яғни қаражат көпті еркін маневр жасауға мүмкіндік беретін нысанда екендігін көрсетеді.

Меншікті қаражатты капиталды маневрлеу жыл басында 0,84 – ті, жыл соңында 0,85 – ті құрады. Коэф-т кәсіпорынның меншікті қаражатын пайдалануда икемділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жоғары екенін көрсетіп отыр.

Баланстың ақпараттары бойынша кәсіпорынның капиталының орналасуының тиімділігін, оның ағымдағы және болашақтағы іскерлігі үшін жеткіліктілігі мен оларды тарту

көздерінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Баланс екі бөлімнен тұрады: актив және пассив бөлімінен. Активтер есепті мерзімге кәсіпорын бақылап отырған мүлкімен құқықтардың құны ретінде сипатталған. Пассивтер кәсіпорынның несиелік міндеттемелері мен қарыздарын көрсетеді. Мүліктің түрлері мен оның құралу көздері сапалы белгісі бойынша сипатталған.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, келесідей қорытындыларға келдік. «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіпорының қаржылық жағдайы толық бағаланып, оның қандай жағдайда екені анықталды. Кәсіпорынның балансына көлденең талдау жүргізіліп, барлық көрсеткіштер есептелді. Қорытындысы бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жағдайы тиімді деп танылды. Қаржылық жағдайы тұрақтылығы туралы қорытындылап айта кетсем бірінші (Кавт) (2020 жыл – 0,79, 2021 жыл – 0,77), төртінші (Кф.у.) (2020 жыл – 0,91, 2021 жылы 0,89) және бесінші (Кфинан) (2020 жылы – 3,68, 2021 жылы – 4,34) көрсеткіштердің мәндері жоғары болуы, және екінші (Кзав) (2020 жылы – 0,21, есепті жылы – 0,23), үшінші (Ктек.зад) (2020 жылы – 0,09, 2021 жылы – 0,11) және алтыншы (Кф.лев) (2020 жылы – 0,27, 2021 жылы – 0,30) көрсеткіштердің мәндері төмен болуы, «Ембімұнайгаз» АҚ - ның қаржылық жағдайы тұрақтырақ деп айтуға болады.

Осы қорытынды негізінде ұйымның айналымнан тыс активтерін басқарудағы келесі ұсынымдар беріледі:

1. кредиторлық және дебиторлық берешектің арақатынасын бақылау (дебиторлық берешектің едәуір артуы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіреді, пайда болған кредиторлық берешекті өтеу үшін қосымша қаржыландыру көздерін тартуды қажет етеді)

2. Міндеттемелердің мерзімдері бойынша есеп айырысулардың жай-күйін бақылау;

3. Шикі мұнайды жаңа тұтынушыларды үнемі іздеу қажет;

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бухгалтерлік есептің «Қаржылық есептілікті ұсыну» №1 халықаралық стандартың қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар.
2. [fil_1078_152.pdf](#)
3. <https://emba.kz/kaz>
4. <https://stud.kz/>
5. https://embakz/data/nws/kaz/fil_946_105.pdf
6. https://embakz/data/nws/kaz/fil_837_80.pdf

"KEGOC" АҚ СЫРТҚЫ АУДИТОРЫ АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ КЕЗІНДЕГІ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Бахадур А.Е.

“Есеп және аудит” мамандығының 4 курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: akerke4321@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Бекболсынова А.С.

"Мемлекеттік аудит" кафедрасының аға оқытушысы

2006 жылға дейін "KEGOC" АҚ акцияларының 100% - ы мемлекет меншігінде болды. 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті (100%) "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару